

Келісілген
Сәтбаев қаласының «Күншуақ»
бөбекжайы»КМҚК
әдіскері
Муздропова А.А.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған музыкадан ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Күншуақ» бөбекжайы КМҚК

Топ: Ортаңғы түрлі жастағы «Біз көңілді балалар» тобы, түрлі жастағы «Веселые нотки» тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеті
Қыркүйек	Музыка	3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау. Ән айту. Дыбыстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақты қимылдар.

		Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
Қазан		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен таныстыру. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу Ән айту. Әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау. Билер. музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.

Қараша		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ре(ми) – ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, бубен, сылдырмақ және барабанмен таныстыру, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты). Ән айту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Асатаяқ, домбыра қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.
Желтоқсан		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру, әннің мазмұнын түсіну. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамыта отырып, сөздерді анық айтуға үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту; кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда меңгеруге ықпал ету.

		4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Сазсырнайда, барабанда қарапайым әуендерді ойнау. Билер. Музыканың сипатын сәйкес қимылдарды ауыстыру. Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану
Қаңтар		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамыта отырып, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту) Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнауына ықпал ету. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуды үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану

		және атау.
Ақпан		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып ән айтып үйрету. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптарды өз бетімен қағып ойнауына ықпал ету. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып айтуды үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

Наурыз		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Билер. Шапшандық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Сәуір		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптардың дыбысталуымен таныстыру. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау.

		Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Домбыра, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалармузыкалықаспаптарынтанужәнеатау. Билер. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.
Мамыр		3 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауыс (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді), байқауға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету ре (ми) - ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерін анық айту. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағыдаларын меңгеруге ықпал ету. 4 жастағы балалар Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.

		Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билердеойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.
--	--	---